

II МОДУЛЬ ЕТІСТІКТЕР

3-сабақ Қайда бара жатырсыз?

бара	жатырмын
келе	жатырмын

Қайда?	Қайдан?
-ға, -ге	-дан, -ден,
-қа, -ке	-тан, -тен
	-нан, -нен



1. Сұқбатты тыңдаңыз, оқыңыз.



Сіз қайда бара жатырсыз?

Сіз қайдан келе жатырсыз?

Қайда бара жатырсыз?

Қайдан келе жатырсыз?

Мен жұмысқа бара жатырмын.

Мен кездесуден келе жатырмын.

Сотқа бара жатырмын.

Облыстық соттан келе жатырмын.



2. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

Үйге
Жұмысқа
Кездесуге
Іссапарға
Әуежайға
Асханаға
Дүкенге
Кабинетке
Облыстық сотқа
Дәрігерге
Банкке



бара жатырмын

Үйден
Жұмыстан
Кездесуден
Іссапардан
Әуежайдан
Асханадан
Дүкеннен
Кабинеттен
Облыстық соттан
Дәрігерден
Банктен



келе жатырмын



3. Бос орынға қажетті сөздерді қойыңыз.

Мен _____ -ге бара жатырмын.
Мен _____ -ға бара жатырмын.
Мен _____ -қа бара жатырмын.
Мен _____ -ке бара жатырмын.

Мен _____ -ден келе жатырмын.
Мен _____ -дан келе жатырмын.
Мен _____ -тен келе жатырмын.
Мен _____ -тан келе жатырмын.



жиналыс



кездесу



архив



іссапар



4. Оқыңыз, мәтін бойынша бос орынға қажетті сөздерді қойыңыз.

Гүлмира: - Сіз қайда бара жатырсыз?
 Гаухар: - Мен жұмысқа бара жатырмын.
 Гаухар: - Қайдан келе жатырсыз?
 Гүлмира: - Облыстық соттан келе жатырмын.



Гаухар қайда бара жатыр?

Ол _____.

Гүлмира қайдан келе жатыр?

Ол _____.



5. Тыңдаңыз, қажетті жалғауды жалғаңыз.

Сіз кездесу _____ бара жатырсыз ба?

Сіз іссапар _____ бара жатырсыз ба?

Сіз әуежай _____ бара жатырсыз ба?

Сіз облыстық сот _____ бара жатырсыз ба?

-ға, -ге

-қа, -ке

-қан, -қен

-тан, -тен

Сіз кездесу _____ келе жатырсыз ба?

Сіз іссапар _____ келе жатырсыз ба?

Сіз әуежай _____ келе жатырсыз ба?

Сіз облыстық сот _____ келе жатырсыз ба?



6. Тыңдаңыз, тиісті сөздерді қойыңыз.

- Сіз _____ бара жатырсыз?

- Мен іссапарға бара жатырмын.

- Сіз _____ келе жатырсыз?

- Мен жалпы отырыстан келе жатырмын.

Қайдан?

Қайда?

- Еламан, сен _____ бара жатырсың?

- Мен экономикалық сотқа бара жатырмын.

- Сен _____ бара жатырсың?

- Мен кабинетке бара жатырмын.



7. Тыңдалым бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Әсет қайда бара жатыр?

Арман қайдан келе жатыр?

Еламан қайда бара жатыр?

Мақина қайда бара жатыр?

- Ол _____ бара жатыр.

- Арман _____ келе жатыр.

- Еламан _____ бара жатыр.

- Ол _____ бара жатыр.



8. Сұқбатты оқыңыз, тиісті жалғауды қоюңыз.

- Сен қайда бара жатырсың?
- Мен жұмыс ___ бара жатырмын.
- Қайдан келе жатырсың?
- Мен кездесу ___ келе жатырмын.

-ден, -мен, -тан

-қа, -ке

- Сен кабинет ___ бара жатырсың ба?
- Иә, кабинет ___ бара жатырмын.
- Сен экономикалық сот ___ келе жатырсың ба?
- Жоқ, кеңсе ___ келе жатырмын.



9. Берілген сөз орамдарымен сұқбаттасыңыз.

1

Сіз қайда бара жатырсыз?

Мен жалпы отырыстан келе жатырмын.

Сіз басшыдан келе жатырсыз ба?

Ол кездесуге бара жатыр.

Сен кеңсеге бара жатырсың ба?

Ол құқықтық бөлімге бара жатыр.

Мен тапсырма орындап жатырмын.

Ол жұмысқа келе жатыр ма?



10. Тыңдаңыз, жазыңыз. QR-кодтың көмегімен тексеріңіз.



QR-code қосымшасы арқылы тексеріңіз